- айдап қотару ортасын беруге арналған тегеурінді келте құбыр таңбасы,

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару,

жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс. Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс. Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі. Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықтың сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Сақтау мен тасымалдау барысында ұсынылған температура:

- 30 °C-ден +60 °C дейін (0,37 - 7,5 кВт)
- 25 °C-ден +70 °C дейін (11 - 22 кВт)

Сақтаудың мейлінше жоғары тағайындалған мерзімі 2 жылды құрайды. Сорғылық агрегатын сақтау барысында жұмыс дөңгелегін айына кем дегенде бір рет айналдыру керек.

3. Құжаттардағы символдар мен жазбалар мәні



Ескерту
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келуі себебі болуы мүмкін.



Ескертпе
Жабдықтың ыстық беттермен түйісулер күйлер мен ауыр дене жарақаттарына алып келуі мүмкін.



Назар аударыңыз



Нұсқау

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Аталған Нұсқаулық СМ (қалыпты соруымен немесе өздігінен соратын), СМЕ сорғыларына таратылады.

Құрылымы

СМЕ сорғылары стандартты СМ сорғыларының базасында жобаланып дайындалған (1-сур.).

СМ сорғылары стандартты электр қозғалтқышы бар, көлденең, көп сатылы, сыртқа тебуші, қалыпты соратын немесе өздігінен соратын (моделіне байланысты) сорғы болып табылады.

СМЕ сорғылары кіріктірілген жиілігі реттелетін электр қозғалтқышы бар, көлденең, көп сатылы, сыртқа тебуші, қалыпты соратын немесе өздігінен соратын (сұраныс бойынша) сорғы болып табылады.

СМЕ сорғыларының электр қозғалтқыштарына қатысты ақпарат, жиынтық құрамына кіретін, Төлқұжатқа, Пайдалану және құрастыру нұсқаулығына қосымшада келтірілген, әрі қарай – Нұсқаулыққа қосымша.

СМ сорғылары екі негізгі компоненттерден тұрады: электр қозғалтқышы және сорғылы агрегат. Сорғылы агрегат өзіне әр түрлі типті жалғаулары бар оңтайластырылған ағын бөлігін қосады.

Аралық камералар мен цилиндрлік қаптама өзара, сонымен қатар тартпа бұрандалардың көмегімен сорғының негізімен және бас жақ бөлігімен жалғасқан.




Тот баспайтын болаттан орындалған

Шойыннан орындалған

1-сур. СМ сорғысы

Сорғының және электр қозғалтқышының фирмалық тақталары электр қозғалтқыштың желдеткішінің қақпағында немесе клеммалы қорапта орналасқан.

Сорғының фирмалық тақташасы



TM05 6086 4712




Айқ.	Сипаты
1	Өнім типі
2	Сорғының моделі*
3	Қоршаған ортаның температурасы
4	Температуралық сынып
5	Мейілінше төмен тиімділіктің индексі
6	Қысым
7	Сұйықтық температурасы
8	Сорғының ПӘК-і
9	Оқшаулау сыныбы
10	Электр қозғалтқыштың қорғанышы
11	Номиналды беру
12	Номиналды тегеурін
13	Мейілінше жоғары тегеурін
14	Нарықтағы айналым белгілері
15	Дайындаушы ел

2-сур. Сорғының фирмалық тақташасы

* Мысал: A96515649P21335, мұндағы A96515649 – өнім нөмірі, P2 – өндіруші зауыттың белгісі, 13 – дайындалған жылы, 35 – дайындалған аптасы.

Электр қозғалтқыштың фирмалық тақташасы



TM05 3823 1712

Айқ.	Сипаты
1	Электр қозғалтқыштың типі
2	Плюстар саны
3	Фазалар саны және кернеу
4	Номиналды ток
5	Шығу қуаты
6	Шығу қуаты
7	Только насосы, оснащённые трёхфазными электродвигателями КПД электродвигателя в точке оптимального КПД
8	Тек бір фазалы электр қозғалтқыштармен жабдықталған сорғылар Конденсатор сыйымдылығы және кернеу
9	Нарықтағы айналым белгілері
10	Энергия тиімділігінің сыныбы
11	Өндіруші-компанияның мекен-жайы мен атауы
12	Дайындаушы ел

3-сур. Электр қозғалтқыштың фирмалық тақташасы

Типтік белгі

Мысал CM 10 -3 A -R -I -E -A V B E F -A -A -N

Типтік қатар

CM: Блокты сыртқа тепкіш

CME: Блокты сыртқа тепкіш
кіріктірілген жиілікті
түрлендіргіші бар

Номиналды шығын

50 Гц, м³/сағ номиналды шығын

Жұмыс доңғалақтарының саны

Сорғының орындалуы

A: Базалық орындалу

B: Қуаттылығы үлкейтілген электр қозғалтқыш
(бір типтік көлемге үлкен)

E: Сертификаттары/ұқсат құжаттары бар сорғы

N: Қысым датчигі бар CME сорғысы

P: Қуаттылығы аз қозғалтқыш
(бір типтік көлемге аз)T: Қуаттығы үлкейтілген электр қозғалтқыш
(екі типтік көлемге үлкен)O: Өздігінен соратын орындалым
(мейілінше жоғары сору биіктігі 8 м)S: Өздігінен соратын орындалым
(мейілінше жоғары сору биіктігі 4 м)

X: Сорғының арнайы орындалымы

Құбырлы жалғау

C: Tri-Clamp®

F: Ернемек

P: Victaulic® муфтасы

R: Витворт Rp бұрандасы

S: NPT ішкі қалыпты құбырлық бұранда

Айдалатын сұйықтықпен түйсетін тетіктердің материалдары

A: Сорып алатын және тегеурінді
бөлігі

EN-GJL-200

Сорғының білігі

EN 1.4301/AISI 304

Жұмысты доңғалақтар/камералар

EN 1.4301/AISI 304

G: Қаптама

EN 1.4401/AISI 316

Сорғының білігі

EN 1.4401/AISI 316

Жұмысты доңғалақтар/камералар

EN 1.4401/AISI 316

I: Қаптама

EN 1.4301/AISI 304

Сорғының білігі

EN 1.4301/AISI 304

Жұмысты доңғалақтар/камералар

EN 1.4301/AISI 304

X: Арнайы орындалым

Сорғыдағы эластомерлер (саңылау тығыздағыштар мен біліктің бүйірлік тығыздағыштарынан басқа)

E: EPDM (этиленпропилен)

K: FFKM (перфтор-эластомер)

V: FKM (фтор-эластомер)

Ескертпе: Орындалым камераларының ортасындағы төсемдер әрдайым Tesnit® BA-U жасалған.

Бүйірлік тығыздағыш

A: Белгіленген жақтаулы шығыршықты тығыздағыш

R: Белгіленген жақтаулы және тығыздағышының беті
кішірейтілген шығыршықты тығыздағыш

Датчик

A: Датчиктің белгісі

(N: Датчиксіз)

Кабельдік ажырату

A: Кабельдік кіру

B: Harting біріктіргіші

C: Кабельмен

D: Кабельді тығыздағышымен

Электр қозғалтқыш бойынша ақпарат

A: Стандартты электр қозғалтқыш (IP55)

B: Жиілікті түрлендіргішпен пайдалану үшін фазалары бөлінген электр қозғалтқыш

C: IP54

D: Статордағы PT100 датчигі

E: Радиалды-тіреуіш мойынтірек

F: Электр қозғалтқышты қыздырғыш

G: Шамадан тыс жүктемеден қорғанышы бар үш фазалы электр қозғалтқыш

H: Қорғанышсыз бір фазалы электр қозғалтқыш

I: Радиожиіліктер бойынша деректермен алмасусыз

Электр қорегінің кернеуі

C: 1 × 220-240 В, 50 Гц

F: 3 × 220-240/380-415 В, 50 Гц

K: 1 × 200-240 В, 50/60 Гц (Е-қозғалтқыш)

L: 3 × 380-480 В, 50/60 Гц (Е-қозғалтқыш)

S: 3 × 380-500 В, 50/60 Гц (Е-қозғалтқыш)¹⁾U: 1 × 200-240 В, 50/60 Гц (Е-қозғалтқыш)¹⁾

Қайталама тығыздағыш материалдары

E: EPDM (этиленпропилен)

K: FFKM (перфтор-эластомер)

V: FKM (фтор-эластомер)

Тығыздағыштың қозғалмайтын бөлігі үстінің материалы

B: Синтетикалық шайыр сіңген графит

Q: Кремний карбиді (SiC)

U: Вольфрам карбиді

Тығыздағыштың қозғалмалы бөлігі үстінің материалы

Q: Кремний карбиді (SiC)

V: Алюминий оксиді (Al2O3)

U: Вольфрам карбиді

¹⁾ Жаңа буынды MGE электр қозғалтқыштары, қазіргі кезде – 0,37 ден 2,2 кВт дейін.**Ескертпе:** Типтік нұсқау тапсырыс беруге қолданылмайды, өйткені белгілік үйлесімдердің барлығы өте бермейді.

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.


Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Назар аударыңыз

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.



Сорғы көтеруге арналған белдік көмегімен орамын ашу және орнату уақытында орнықты қалпында қалуы тиіс.

Әдетте сорғының ауырлық орталығы қозғалтқышқа жақын болуына назар аударыңыз.



Назар аударыңыз

Жылыту барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сәйкес көтеру құрылғыларын қолдану.

СМ, СМЕ сорғылары зауыттан айырлы қармауышты немесе ұқсас автотиегішті тасымалдау автотиегіштері үшін жарақатталған арнайы ораммен жеткізіледі.

6. Қолданылу аясы

Негізгі қолдану салалары:

- сумен жабдықтау;
- қысымды көтеру жүйесі;
- технологиялық сұйықтықтарды айдаудың өндірістік жүйесі;
- жылыту, желдету және ауаны тазарту жүйелері.

Көп сатылы сыртқа тебуші СМ, СМЕ сорғылары сұйықтықты айналдыруға/айдауға және құрамында қатты немесе ұзын талшықты қосылымдар жоқ ыстық немесе суық сұйықтықтардың қысымын көтеруге арналған.

Айдалатын сұйықтықпен түйісетін тетіктері тот баспайтын болаттан жасалған жүйелерде тот баспайтын болаттан жасалған СМ, СМЕ модельді сорғыларды қолдану керек.

Айдалатын сұйықтықтар

Құрамында қатты бөлшектер немесе талшықтар жоқ таза, жарылысқа қауіпсіз сұйықтықтар. Сұйықтық сорғының материалдарына химиялық әсерін тигізбеуі керек. Егер сорғыны тығыздығы және кілегейлігі судың тығыздығы мен кілегейлігінен ерекшеленетін сұйықтықты айдауға қолдану керек болатын болса, бұндай жағдайда гидравликалық қуаттың өзгеруіне байланысты электр қозғалтқышқа қажетті қуаттың мәніне назар аударған жөн.



Ескерту

Сорғы жанатын немесе уытты сұйықтықтарды айдауға арналмаған.

7. Қолданылу қағидаты

СМ, СМЕ сорғыларының жұмыс қағидаты қысымға сорып алатын келте құбырдан шығысқа жылжыған сұйықтық қысымын арттыруға негізделген. Қысымды арттыру сорғы білігіне муфта арқылы электр электр қозғалтқышының білігінен механикалық энергияның берілісі жолымен өтеді.

Жұмыс дөңгелегінде күрделі формасы бар қалақшалары (қалақтары) бар. Сұйықтық құбыр жетегінің сорып алу желісінен оның айналымының білігінің жұмыс дөңгелегінің түбіне өтеді, кейін қалақ аралық каналға бағытталады және бұруға түседі. Бұру жұмыс дөңгелегінен шығатын сұйықтық жинауға және сұйықтық ағынының кинетикалық энергиясын потенциалды энергияға ішінара қысым энергиясына бағытталған. Жоғарыда көрсетілген энергияның қайта түзілімі бұрудың арнайы қалыбына жететін мейлінше аз гидравликалық жоғалтуларымен орын алады.

Сорғы корпусы сорғының барлық элементтерін энергетикалық гидравликалық машинаға жалғауға арналған. Қалақтық сорғы сұйықтық ортасының ағыны мен жұмыс органы болып табылатын айналмалы жұмыс дөңгелегінің қалақтарының арасындағы динамикалық өзара әсерінің есебінен энергияның түзілуін жүзеге асырады.

Қалақ аралық каналда тұратын жұмыс дөңгелегінің айналымы барысында қалақтармен периферияға тасталады және бұру мен одан арғы тегеурінді құбыр жетегіне шығады.

Сорғының орталық бөлігінде, яғни сорғының жұмыс дөңгелегінің сұйықтығының кіруінде сұйылту туындатылады да, тарату сыйымдылығындағы қысым әсерімен сұйықтық ортасы сорғыға сорып алатын құбыр жетегінің бойымен сумен қамтамасыз ету қайнарынан бағытталады.

СМ, СМЕ сорғыларында жоғары қысымды жасау үшін, жалпы білікті бірте-бірте орналастырылған бірнеше жұмыс дөңгелегі қолданылады. Бұл жағдайда сұйықтықтың бір ғана ағыны қысымның бірнеше сатысы арқылы өтеді, мұнда жалпы түзілетін тегеурін әр дөңгелек арқылы жасалатын тегеурін мөлшеріне тең болады.

Соңында жұмыс сатысына өтетін сұйықтық бұру камерасына және одан әрі құбыр жетегінің тегеурін желісіне түседі.

8. Құрастыру

Құрылғыны құрастыру бойынша қосымша ақпарат Қысқа нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

СМЕ сорғыларының механикалық бөліктерін құрастыру туралы қосымша ақпарат Төлқұжат, Құрастыру мен пайдалану бойынша нұсқаулықтың тиісті Қосымшасында келтірілген (жеткізу жиынтығына кіреді).

Құрастыруды бастар алдында сорғының типі және оның тетіктерінің тапсырысқа сәйкестігін тексеріңіз.




Ескерту

Ыстық немесе суық сұйықтықты айдау кезінде, персоналдың ыстық немесе суық беттермен жанасуы мүмкіндігін болдырмаған жөн.

8.1 Сорғыны құрастыру

Сорғы беті тегіс жерде орнатылуы керек және іске қосқанда немесе пайдалану кезінде орнынан қозғалмайтындай қылып бекітілуі керек.

Сорғыны оның құбырлары мен корпусында ауа кептелістерінің түзілуі болмайтындай қылып орнату керек. 4-суретте және төмендегі кесеттеде сорғының орнатуға болатын күйлері көрсетілген.



TM05 6389 4712

4-сур. Сорғының орнатуға болатын күйлері

Сорғының күйі	Өздігінен сормайтын сорғылар	Өздігінен соратын сорғылар
1	–	–
2	•	–
3	•	–
4	•	•
5	–	–
6	•	•

- Осы күйде орнатуға жол беріледі.

Сорғыны оған техникалық қызмет көрсету және оны қарау оңай жүргізілетіндей қылып орнатыңыз.

Сорғыны оны салқындату үшін, жеткілікті желдетуді қамтамасыз ететін жерде орнатыңыз.

8.2 Құбыр

Сорғының әрбір жағынан ысырмалар орнату ұсынылады. Сонымен мүмкін болатын техникалық қызмет көрсету кезінде, барлық жүйедегі суды ағызып жіберу қажеттілігінен құтылуға болады.

Егер сорғы сұйықтық деңгейінен жоғарыда орнатылатын болса, сұйықтық деңгейінен төмендегі сорып алатын құбырға кері клапан қажет болады. 7-сур. қар.

Өздігінен соратын сорғылар:
Кері клапанды ашу қысымы 0,05 бар төмен болуы ұсынылады. Ондай болмаған жағдайда қосымша кедергілердің салдарынан сорғының сорып алу қабілеттілігі азаяды.


Нұсқау

Егер сорғы жаңбырдың немесе артезиан суын айдауға қолданылатын болса, жеткізу құбырының кірісінде сүзгі орнату ұсынылады.

Сорғыға құбырдан механикалық күш түспеуі керек.

Құбырдың орамы сорғының кіруіндегі қысымның есебімен тиісті көлемде болуы керек.

Құбырлар ауа кептелістерінің құрылуын болдырмайтындай болып, әсіресе, сорғының сорып алатын жағында орнатылуы тиіс. 5-сур. қар.




TM04 0338 0608

5-сур. Құбыржетегі

8.2.1 Құбырлық қосылым (өздігінен сормайтын сорғылар)

Назар аударыңыз

Сорып алатын және тегеурінді құбырды байланыстыру кезінде сорғыны зақымдап алмас үшін, абайлық сақтаған жөн. Қатайтып тарту сәті: 50-60 Нм. Көрсетілген қатайтып тарту сәтінен асыруға болмайды.



TM04 0358 1008

6-сур. Сорып алатын және тегеурінді келте құбырлар

8.2.2 Құбырлық жалғау (өздігінен соратын сорғылар)

Сорғының өздігінен сору мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, оны дұрыс орнату керек.

Келесі сақтану шараларын қолдану керек: 7-сур. қар.


- Сорып алатын келте құбырдың ортасынан су бөлетін бірінші нүктеге дейінгі ең төмен биіктікті сақтау керек ($H_{1,A}$).
- Егер жүйеде қысымды реттегіш орнатылған болса, сорғының сорып алатын келте құбырының ортасынан қысымды реттегішке дейінгі биіктік – $H_{1,B}$ болады. Биіктіктің ең төменгі мәні төмендегі кестеде келтіріледі.
- Сорып алатын құбыр сұйықтық деңгейінен ең азы 0,5 м төмен болуы керек (H_3).

Оңтайлы сорып алу үшін, сорғыны мейлінше қысқа сорып алатын келте құбыр жалғауға мүмкіндік болатындай етіп су көзінің немесе су қоймасының жанына орналасуы тиіс. Соның нәтижесінде, әсіресе, сорып алу биіктігі үлкен болған кезде, сорып алу уақыты қысқарады.

Нұсқау

Құю саңылауының тығынын тегеурінді құбырда орнату ұсынылады.

Бұл іске қосар алдында сорғыны жұмыс сұйықтығымен толтыруды жеңілдетеді. 7-сур. А айқ. қар.




TM05 8415 2313

7-сур. Өздігінен соратын сорғылар үшін ұсынылатын құбыр

Сорып алу биіктігі (H ₂), [м]	Ең төмен биіктік (H _{1,B}), [м]
4	0,2
5	0,35
6	0,5
7	0,6
8	0,7

8.3 Қосылулардың баламалы орналасатын жері

Қосылулардың әр түрлі күйі бар СМ сорғыларының нұсқалары тапсырыспен дайындалуы мүмкін. 8-сур. қар.



TM03 8709 1008


8-сур. Қосылулардың баламалы орналасатын жері

Нұсқау

Өздігінен соратын сорғылар:
Аталған сорғыларда тегеурінді келте құбыр тек жоғарыға қарай бағытталған.

8.4 Клеммалы қораптың орналасуы

Арнайы тапсырыс бойынша клеммалы қораптың орналасуының әр түрлі нұсқалары бар сорғылар жеткізіледі. 9-сур. қар.



TM04 0357 1008

9-сур. Клеммалы қораптың орналасуы

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдықтарын жалғау бойынша қосымша ақпарат Қысқаша нұсқаулықта келтірілген (Quick Guide).

СМЕ сорғыларының электр жабдықтарын жалғау туралы қосымша ақпарат Төлқұжаттың Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтың тиісті Қосымшасында келтірілген (жеткізу жиынтығына кіреді).

Электр жабдықтар жалғау жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.

Жұмыс кернеуінің мәні мен ток жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген номиналды деректерге сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Ескерту

Электр жабдықтарын жалғау жергілікті нормалар мен ережелерді сақтап орындалуы тиіс.

Жұмысты бастар алдында сорғының электр қорегі желісінен ағытылғанына көз жеткізіңіз. Электр қорегінің кездейсоқ қосылуы мүмкіндігін болдырмау керек. Сорғы сыртқы ажыратқышқа жалғанған болуы тиіс, түйісулердің арасындағы ең кішкентай саңылау: барлық полюстарда 3 мм.



9.1 Қорек кабелі

Талаптарға сәйкес қорек кабелі +105 °С жұмысты температурада қолдануға жарамды болуы тиіс.

9.2 Электр қозғалтқыштың қорғанышы

Бір фазалы электр қозғалтқыштар, 1 × 115 / 230 В, 60 Гц

Аталған электр қозғалтқыштардың кіріктірілген қорғанышы жоқ және қолмен түсірілетін электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматына жалғанулары тиіс.

Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматын қозғалтқыш тогының номиналды мәніне сәйкес баптаңыз (I_{1N}). Фирмалық тақташаны қар.

Басқа бір фазалы электр қозғалтқыштар

Аталған электр қозғалтқыштардың ток пен температураға байланысты кіріктірілген қорғанышы бар, сондықтан олар ешқандай қосымша қорғанышты қажетсінбейді.

Электр қозғалтқыштың қорғанышы TP 211 типіне жатады; бұл оның температураның баяу көтерілуіне қалай әсер ететін болса, жоғары көтерілуіне де солай әсер ететінін білдіреді. Электр қозғалтқыштың қорғанышы автоматты түрде түсіріледі.

Қуаттылығы 3 кВт дейін үш фазалы электр қозғалтқыштар

Аталған электр қозғалтқыштар қолмен түсірілетін қорғаныш автоматына жалғануы тиіс.

Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматын қозғалтқыш тогының номиналды мәніне сәйкес баптаңыз (I_{1N}). Фирмалық тақташаны қар.

Қуаттылығы 3 кВт дейін және одан жоғары үш фазалы электр қозғалтқыштар

Аталған қозғалтқыштардың кіріктірілген терморезисторлары бар (PTC).

Электр қозғалтқыштың қорғанышы TP 211 типіне жатады; бұл оның температураның баяу көтерілуіне қалай әсер ететін болса, жылдам көтерілуіне де солай әсер ететінін білдіреді.


Тек келесі қорек кернеуі бар электр қозғалтқыштарға қолданылады:

- 3 × 200 В / 346 В, 50 Гц
- 3 × 200-220 В / 346-380 В, 60 Гц
- 3 × 220-240 В / 380-415 В, 50 Гц

Басқа қорек кернеулеріне арналған электр қозғалтқыштар, қуаттылығы 3 кВт дейінгі үш фазалы электр қозғалтқыштары үшін көрсетілгендей, электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматына жалғануы тиіс.

9.3 Электрлі жалғаулар

Электрлі жалғауларды клеммалы қораптың ішіндегі схемада көрсетілгендей етіп орындаңыз.



TM03 8781 1008

10-сур. Жалғау схемасы

9.4 Жиілікті түрлендіргішпен пайдалану

Үш фазалы электр қозғалтқыштар жиілікті түрлендіргішке қосыла алады.

Жиілікті түрлендіргіш өзінің типіне байланысты электр қозғалтқыштың жұмыс істеуі кезіндегі көтеріңкі шудың себебі болуы мүмкін. Бұдан басқа, жиілікті түрлендіргіштің қосылуына байланысты электр қозғалтқыш кернеудің шарықтаған мәнінің әсеріне ұшырайды.

MG 71 және MG 80 типтік көлемді қозғалтқыштардың фазалық оқшаулауы* болмайды, сондықтан оларға қорек клеммаларының арасында 650 В (ең жоғарғы мән) көп кернеудің шарықтауынан қорғаныш қажет болады.

Назар аударыңыз

* Фазалық оқшаулауы бар MG 71 және MG 80 типтік көлемді қозғалтқыштар тапсырыс бойынша жеткізіледі.

Жоғарыда көрсетілген кемістіктерді, яғни, шу деңгейінің жоғарылуын және кернеудің шарықтауының кері әсерін электр қозғалтқыш пен жиілікті түрлендіргіштің арасына LC сүзгісін орнату жолымен жоюға болады.

Неғұрлым толық ақпарат алу үшін, жиілікті түрлендіргішті жеткізушімен немесе Grundfos компаниясының өкілдігімен байланысыңыз.

Тек өздігінен соратын сорғылар:
Егер сорғы жиілікті түрлендіргішке жалғанған болса, төмен жылдамдықта жұмыс істеу ішкі айналым клапанының ашылуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл шығынның және қысымның төмендеуіне әкеліп соғады.

Нұсқау

10. Пайдалануға беру

Пайдалануға енгізу бойынша қосымша ақпарат Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

Барлық бұйымдар зауыт-дайындаушыда қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

Құрылғыны іске қосу үшін, «Грундфос» ЖШҚ сервистік орталығына жүгінуді ұсынамыз. Ұзақ мерзімді сақтаудан кейін (екі жылдан артық), сорғылық агрегаттың күйіне диагностика жасау қажет және тек осыдан кейін ғана оны пайдалануға енгізу керек. Сорғының жұмыс доңғалағының еркін айналып тұрғанына көз жеткізу керек. Бүйірлік нығыздағыштың, нығыздағыш шығыршықтардың және кабелді енгізулердің күйіне басты назар аудару керек.

Сорғыны іске қосар алдында оның ішіне жұмыс сұйықтығын құйып, ауаны шығару керек. «Құрғақ айналыс» кезінде, біліктің мойынтіректері мен тығыздағыштары зақымдануы мүмкін.

Назар аударыңыз



Ескерту
Ауа шығаруға арналған саңылаудың бағытына назар аударыңыз. Одан шығатын судан персоналдың зақым алу, қозғалтқыштың немесе жүйенің басқа да тетіктерінің зақымдану қауіпі бар. Ыстық сұйықтықты айдаған жағдайда күйіп қалуды болдырмау шараларын қолдану керек.

10.1 Өздігінен сормайтын сорғылар

Назар аударыңыз

Сорғыны жұмыс сұйықтығымен толғанға дейін іске қосуға болмайды.


10.1.1 Жұмыс сұйықтығымен толтыру

Ескерту
Ауа шығаруға арналған саңылаудың тұрған күйін бақылау керек және одан шығатын ыстық немесе суық сұйықтық қызмет көрсетуші персоналдың күйіп қалуының немесе құрылғының бұзылуының себебі болмайтындай шаралар қолдану керек.

1. Сорғының айдау ағындағы жабу клапанын жауып қойыңыз.
2. Сорғыны іске қоспас бұрын, сорып алу жағындағы ысырманы толығымен ашыңыз.
3. Құю саңылауының тығынын бұрап ағытып алыңыз.
4. Сорғыны және сорып алатын құбырды толығымен, құятын саңылаудан тұрақты ағынмен аққанға дейін, жұмыс сұйықтығымен толтырыңыз.
5. Құятын саңылаудың тығынын орнатыңыз да, оны қатты тартып қойыңыз.
6. Сорғыны іске қосыңыз және сорғы жұмыс істеп тұрған кезде, айдау жағындағы ысырманы жаймен ашыңыз. Бұл іске қосу кезіндегі ауаның шығуын және қысымның көтерілуін қамтамасыз етеді.

Сорғы іске қосылысымен оның айдауындағы ысырма ашық болуы тиіс. Олай болмайтын болса, айдалатын сұйықтықтың температурасы тым жоғары көтерілуі мүмкін және құрылғының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Назар аударыңыз



TM03 8774 1008

11-сур. Құюға және дренажды саңылаулардың орналасқан күйі

Нұсқау

Егер сорғы жұмыс қысымының деңгейіне шықпайтын болса, 1-ден бастап 6-ға дейінгі кезеңдерді қайталау қажеттігі мүмкін.

10.2 Өздігінен соратын сорғылар

Назар аударыңыз

Сорғыны жұмыс сұйықтығымен толтырылғанша, іске қосуға болмайды.


10.2.1 Жұмыс сұйықтығымен толтыру

Ескерту
Ауа шығаруға арналған саңылаудың тұрған күйін бақылау керек және одан шығатын ыстық немесе суық сұйықтық қызмет көрсетуші персоналдың күйіп қалуының немесе құрылғының бұзылуының себебі болмайтындай шаралар қолдану керек.



1. Тегеурінді құбырдың босатылғанына және сорып алатын келте құбырдың ортасынан бастап су жинаудың бірінше нүктесіне дейінгі биіктік ($H_{1,A}$ немесе $H_{1,B}$) талаптарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
8.2.2 Құбырлы жалғау (өздігінен соратын сорғы) тарауын қар.
 2. Тегеурінді және сорып алатын желілердегі ысырмаларды ашыңыз.
 3. Ауа шыға алатындай қылып сорғыға жақын тұрған бұрманы ашыңыз.
 4. Сорғыдағы су құятын саңылаудың тығынын бұрап ағытап алыңыз. 12-сур. қар.
 5. Егер тегеурінді құбырда құюға арналған саңылау болатын болса, бұл саңылауды құю үшін пайдаланыңыз. Олай болмаған жағдайда саңылауды сорғыға сұйықтық құю үшін пайдаланыңыз.
 6. Сорғыны және сорып алатын құбырды толығымен, құятын саңылаудан тұрақты ағынмен аққанға дейін, жұмыс сұйықтығымен толтырыңыз.
 7. Құятын саңылаудың тығынын орнатыңыз да, оны қатты тартып қойыңыз.
 8. Сорғыны іске қосыңыз да, сұйықтық айдалғанға дейін күте тұрыңыз.
Егер сорғыда құю саңылауы пайдаланылатын болса, сорғының сұйықтықпен толығымен толтырылғанына көз жеткізу үшін, 1-8 қадамдарды қайталау қажеттігі болуы мүмкін.
- Егер сорғы жиілікті түрлендіргішке қосылған болса, онда ол іске қосқан кезде, ең жоғарғы жылдамдықта жұмыс істеуі тиіс (3450 мин⁻¹).**
9. Егер сорғы бірнеше рет іске қосу әрекетінен кейін лайықты түрде жұмыс істемейтін болса, –
16. Ақаулықтың алдын алу және жою тарауын қар.

Нұсқау



TM05 8169 2013

12-сур. Құю және дренажды саңылауға арналған саңылау күйі

Сорғы толтыру және жүйеден ауа жою мақсатында 5 минуттан кем емес уақытта жұмыс істеуі керек. Егер сорғы қысымды айдамасы және ағын жасамаса, 1-8 қадамдарды қайталаңыз.

Нұсқау

10.3 Айналым бағытын тексеру

Төменде келтірілген ақпарат тек үш фазалы электр қозғалтқыштарына жатады.


Нұсқау

Электр қозғалтқышының желдеткішіндегі қақпақта индикаторы бар. 13-сур. қар. Электр қозғалтқышының салқындататын ауасы арқылы ол электр қозғалтқышының бағытын көрсетеді.

Электр қозғалтқышының бірінші қосылымында немесе егер индикатор күйі өзгерген болса, мысалы саусақпен индикатор өрісін қозғалта отырып, индикатор жұмысын тексеру керек. Айналым бағытының дұрыстығын тексеру үшін, төмендегі кестемен индикатор көрсеткішін салыстырыңыз.

Индикатор өрісі	Айналым бағыты
Қара	Дұрыс
Ақ/көрінетін	Қате*

* Айналым бағытын өзгерту үшін, желі қорегінің кернеуін ажырату және екі қоректік сымның орнын алмастыру керек.



TM04 0360 1008

13-сур. Құрастыру индикаторы

Индикаторды электр қозғалтқышының әр түрді күйлерінде орнатуға болады, алайда желдеткіш қақпағын бекітетін бұрандалармен қатар салқындатқыш қабырғалар арасында орнатуға болмайды.

Электр қозғалтқышының желдеткішінің қақпағындағы нұсқаулар дұрыс айналым бағытын көрсетеді.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 15. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

СМ сорғылар баптауларды талап етпейді.

СМЕ сорғыларын қосымша пайдалану талаптары, сонымен қатар пайдалану және баптау бойынша нұсқаулар Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қосымшада (жеткізу кешеніне кіреді) келтірілген.

Тазарту

Сорғыны ұзақ уақыт тұрып қалғаннан кейін, тотығу мен сорғыда қақ түзілуін болдырмау үшін, таза сумен жуу керек. Сорғыда мүмкін болатын әк тұнбаларын жою үшін, сірке қышқылын қолдану керек.

12. Техникалық қызмет көрсету

2,2 Вт (екі полюсті) немесе 1,5 кВт (төрт полюсті) СМЕ сорғыларының техникалық қызметтері туралы қосымша ақпарат Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қосымшада келтірілген (жеткізілім жиынтығына кіреді).

Ескертпе

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды бастар алдында, сорғыны тоқтату электр қорегін желіден ажырату керек және сорғының рұқсат етілмеген және кездейсоқ қайта қосылымын болдырмайтын шараларды қабылдау керек. Бұл жұмыстар тек білікті персоналмен ғана орындалғаны жөн!



Сорғының ішкі бөлшектері техникалық қызмет көрсетулерді талап етпейді. Лайықты салқындатылу қамтамасыз ету үшін, электр қозғалтқышы таза болуы керек. Егер сорғы шаңды орында орнатылған болса, оны айына бір рет тазартып және тексеріп отыру керек. Тазарту уақытында электр қозғалтқышының корпусының қорғанышының дәрежесін ескеру керек.

Қозғалтқыш барлық қызметтік мерзіміне консистенттік маймен толтырылған және техникалық қызмет көрсетуді талап етпейтін мойынтіректі буындармен қамтамасыз етілген.

13. Істен шығару

СМ, СМЕ сорғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне қойған жөн.

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электрлі желілер үнемі кернеу астында. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз қосылуының алдын алу үшін, желілік ажыратқышты блоктап қою керек.



14. Төмен температурадан қорғау

Төмен температура кезінде қолданылмайтын сорғылардан олардың зақымдануын болдырмау үшін, одан сұйықтығын қотарып құйып алу керек.

Сорғыдан құю саңылауының тығынын және дренажды саңылау тығынын алып тастаңыз. 12-сур. қар.

Сорғы қайта қолданылғанға дейін, тығынды бұрынғы орнына орнатыңыз.

Тұрып қалуының кезеңінен кейін сорғыны алғашқы іске қосар алдында сорғы мен сорып алатын құбыр жетегі аударып қотару сұйықтығымен тұтас толтырылуы тиіс. 10. Пайдалануға беру тарауын қар.

Назар аударыңыз

Сорғыны іске қосар алдында ауаны шығару үшін, бұрандалы тығынды бұраңыз және құю саңылауының бұрандалы тығынын орнатыңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

СМЕ сорғыларының қосымша техникалық деректері Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қосымшада келтірілген (жеткізілім жиынтығына кіреді).

Жүйедегі мейлінше жоғары қысым мен рұқсат етілген жұмыс сұйықтығының температурасы.

Материал нұсқасы	Білікті нығыздау	Айдап қотару сұйықтығының температурасы*	Жүйедегі мейлінше жоғары қысым
Шойын (EN-GJL-200)	AVBx	от -20 °C до +40 °C от +41 °C до +90 °C	10 бар 6 бар
	AQQx	от -20 °C до +90 °C	10 бар
Тот баспайтын болат (EN 1.4301/AISI 304)	AVBx	от -20 °C до +40 °C от +41 °C до +90 °C	10 бар 6 бар
	AQQx	от -20 °C*** до +90 °C от +91 °C до +120 °C**	16 бар 10 бар
Тот баспайтын болат (EN 1.4401/AISI 316)	AVBx	от -20 °C до +40 °C от +41 °C до +90 °C	10 бар 6 бар
	AQQx	от -20 °C*** до +90 °C от +91 °C до +120 °C**	16 бар 10 бар

* Сұйықтықтың 0 °C төмен температурасы барысындағы жұмыс үшін, мысалы суға гликольді қосқандықтан сұйықтық тұтқырлығы жоғары болатындықтан үлкен қуаттағы электр қозғалтқышы қажет болады.

** Егер сорғы AQQE тығыздағыш білігімен жабдықталған болса, 120 °C қолданбалы.

*** -20 °C төмен температура барысында сұйықтықты аударып қотаруға арналған СМ сорғылары арнайы тапсырыспен жеткізіледі. Grundfos компаниясының өкілдігімен байланысыңыз.

Кірудегі мейлінше төмен қысым

Сорғыда кавитацияны болдырмау үшін, жұмыс уақытында метрлерде талап етілетін «Н» кіруіндегі мейлінше төмен қысымды келесі формуламен есептеуге болады.

$$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

p_b – Бардағы атмосфералық қысым.
(Барометрикалық қысым 1 барға тең қабылдануы мүмкін).
Жабық жүйелерде p_b барда жүйенің қысымын білдіреді.

NPSH – Метрде сорып алуда тиімді оң тіреу (сорғының мейлінше жоғары шығынының нүктесінен 27-29 беттерде NPSH қисығынан алынады).

H_f – Тегеурін метріндегі сорып алу желісінің үйкелісін жоғалту.

H_v – Тегеурін метріндегі қаныққан бу қысымы.
2-қосымшаны қар.

t_m – Сұйықтық температурасы

H_s – Қор коэффициенті = қысымның кем дегенде 0,5 метрі.

Егер «Н» есептелген мәні оң болса, сорғы сорып алудың ең көбі «Н» метр биіктігі барысында жұмыс істей алады.

Егер «Н» есептелген мәні теріс болса, кавитацияны болдырмау үшін, жұмыс уақытында «Н» метрге тең болатын мейлінше аз тіреу керек.

Ауаның қатысты ылғалдылығы

М.ж. 95%.

Қорғаныш дәрежесі

Стандартты: IP55.

Дыбыстық қысым деңгейі

Сорғының шуыл деңгейі 70 дБ (А) артпайды.

Қоршаған ортаның температурасы

Назар аударыңыз

Өздігінен соратын сорғылар:
Сұйықтық температурасы 60 °C аспауы тиіс.

Қоршаған ортаның мейлінше жоғары температурасы	Сұйықтық температурасы
+55 °C	+90 °C
+50 °C	+100 °C*
+45 °C	+110 °C*
+40 °C	+120 °C*

* Ескертпе: Тот баспайтын болаттан жасалған сорғылар (EN. 1.4301/AISI 304) + 90 °C артық температурасындағы сұйықтығын айдап қотару арқылы өтеді.

Мысал:

$p_b = 1$ бар.

Сорғы типі: СМ 3, 50 Гц.

Шығын: 4 м³/ч.

NPSH (1-қосымшадағы суреттен алынады 3): күштің 3,3 метрі.

$H_f =$ қысымның 3,0 метрі.

Айдап қотару сұйықтығының температурасы: 90 °C.

H_v (2-қосымшадағы суреттен алынады): күштің 7,2 метрі.

$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$ [тегеурін метрі].

$H = 1 \times 10,2 - 3,0 - 3,3 - 7,2 - 0,5 =$ тегеуріннің -3,8 метрі.

Бұл жұмыс уақытында сорғы кем дегенде 3,8 м тіреумен қамтамасыз етілуі керектігін білдіреді.

Барға қайта есептеу қысымы: $3,8 \times 0,0981 = 0,37$ бар.

кПа-ға қайта есептеу қысымы $3,8 \times 9,81 = 37,3$ кПа.

Кірудегі мейлінше жоғары қысым

Кірудегі нақты қысымның сомалық мәні мен жабық ысырмаға сорғының айдау қысымы жүйедегі мейлінше жоғары қысымын еш уақытта асырмауы тиіс.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

7,5 кВт және одан артық қуаттағы сорғыларды жөндеу пайдалану орнында орындау ұсынылады. Барлық көтеру жабдықтары дайын болуы тиіс.

Нұсқау



Егер сорғы улы немесе улайтын сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолданылған болса, ондай сорғылар ластанған ретінде есептеледі.

Ескертпе

Клеммалық қораптың қақпағын шешіп алмас бұрын, оны толығымен қорек кернеуінен ажыратып алу керек. Электр қорегінің кездейсоқ қосылу мүмкіндігін болдырмау қажет.



Ескертпе

Айдап қотару сұйықтығы қайнау температурасына дейін қыздырылуы тиіс және жоғарғы қысым астында болуы керек. Сорғыны бөлшектеу немесе бұзумен байланысты кез-келген жұмыстарды бастар алдында жүйеден сұйықтық құйылып алынуы керек, немесе сорғының екі жағындағы сыналы ысырмалар жабық болуы тиіс.

Ақаулық	Себеп	Ақаулықтарды жою
1. Сорғы жұмыс істемейді.	a) Қозғалтқыштың электр қорегі жоқ.	Сыртқы ажыратқышты іске қосу. Кабель мен кабельдік қосылымдарды зақымдануы мен қосылымының әлсізденуіне тексеру.
	b) Сақтандырғыштар қызып кеткен.	Кабель мен кабельдік қосылымдарды зақымдануына тексеру және сақтандырғыштарын алмастыру.
	c) Электр қозғалтқышының қорғанышы іске қосылды.	2. a), b), c), d), e), f) қар.
	d) Басқару тогы тізбегінің ақаулығы.	Басқару тогының тізбегін жөндеу және алмастыру.
2. Қосқаннан кейін, бірден электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы іске қосылады..	a) Сақтандырғыштар қызып кеткен.	1. b) қар.
	b) Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматының түйісулері немесе магнитті орам ақаулы.	Электр қозғалтқышы қорғанышының автоматының түйісуін, магнитті орамды немесе барлық қорғаныш автоматын алмастыру.
	c) Кабельдік қосылым әлсіздегіне немесе зақымданған.	Кабель мен кабельдік қосылымдарды зақымдануына тексеру және сақтандырғыштарын алмастыру.
	d) Электр қозғалтқышының орамының ақаулығы.	Электр қозғалтқышын жөндеу немесе алмастыру.
	e) Сорғыны механикалық блоктау.	Негізгі қорек қайнарын ажырату, сорғыны тазарту немесе жөндеу.
	f) Электр қозғалтқышы қорғанышының автоматы тым төмен мәнге реттелген.	Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматын электр қозғалтқышы тогының номиналды мәніне сәйкес баптау ($I_{1/1}$). Фирмалық тақташаны қар.
3. Электр қозғалтқышының автоматы уақыт өте келе іске қосылады.	a) Электр қозғалтқышы қорғанышының автоматы тым төмен мәнге реттелген.	2. f) қар.
	b) Электр қорегі кернеуінің берілісіндегі кезеңдік жаңылыс.	2. c) қар.
	c) Кернеу қайта-қайта құлайды.	Кабельдер мен кабельді жалғаулардың зақымданғандығын және жалғаулардың босап кетпегендігін тексеру керек. Сорғының қорек кабелінің дұрыс таңдалып алынғанын тексеру керек.
4. Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылған жоқ, бірақ сорғы өздігінен ажыратылды.	a) 1. a), b), d) және 2 e) қар.	
5. Қосқаннан кейін, дереу электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады.	a) Сорғының кіруінде тым төмен қысым.	Сорғының кіруіндегі жағдайды тексеру.
	b) Сорып алатын құбыр жартылай балшықпен бітеліп қалған.	Бітеуді кетіріп, сорып алу жолын жуып тазарту.
	c) Сорып алу құбырындағы жылыстау.	Сорып алу құбырына тиісті жөндеу орындау.
	d) Ауаны сорғымен немесе сорып алатын құбырмен сору.	Сорғыдан және сорып алатын құбырдан ауаны кетіру. Сорғының кіруіндегі жағдайды тексеру.
6. Сорғының өндірілімділігі тұрақты емес және сорғы шуыл шығарады.	Төк өздігінен соратын сорғылар:	
	a) Қысымның айырмасы тым аз.	Шүмекті, айдау қысымы қалыпты күйге түскенге дейін және шуыл кеткенге дейін, ақырын-ақырын жабу.
7. Қосқаннан кейін, дереу электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады.	a) Сорғының кіруіндегі қысым тым төмен.	5. a) қар.
	b) Сорып алатын құбыр жартылай балшықпен бітеліп қалған.	5. b) қар.
	c) Кабылдағыш немесе кері клапан жабық күйінде тосқауылданған.	Клапанды жөндеу немесе айырбастау, алып тастау және жуып шаю.
	d) Сорып алатын құбырдағы жылыстау.	5. c) қар.
	e) Ауаны сорғымен немесе сорып алатын құбырмен сору.	5. d) қар.

Ақаулық	Себеп	Ақаулықтарды жою
8. Сорғыны қосу барысында жүргізіледі, алайда қысым түзілмейді де, сұйықтықты айдамайды.	Тек өздігінен соратын сорғылар:	
	a) Тегеурінді құбыр жетегінде кері клапан үстінде сұйықтық діңгегі сорғының өздігінен сорылуына кедергі келтіреді.	Тегеурінді құбыр жетегін босату. Кері клапанның тегеурінді құбыр жетегінде сұйықтық ұстамайтындығын тексеру. 8.2.2 тарауындағы іске қосу үдерісін қайталау.
	b) Сорып алатын құбыр етегінің сұйықтық деңгейіне дейін саңылаусыздығын тексеру. 8.2.2 тарауындағы іске қосу үдерісін қайталау.	
9. Сорғы жұмыс істейді, алайда талап етілген жұмысын қамтамасыз етпейді.	Тек өздігінен соратын сорғылар:	
	a) Сорып алу электронының клапаны жабық емес.	Кранды қысымның оқыс көтерілуі немесе шығыны белгіленге дейін бір қалыппен жабу. Кейін талап етілетін шығынға қол жеткізілгенше, кранды баяу ашу.
10. Сорғы кері бағытта айналады.	a) Сорып алу құбыр жетегіндегі жылыстау.	5. c) қар.
	b) Қабылдау немесе кері клапан ақаулы.	6. c) қар.
	c) Приёмный клапан насоса заблокирован в открытом или приоткрытом положении.	6. c) қар.
11. Сорғы төмен жұмыс сипаттамаларымен жұмыс істейді.	a) Айналымның қате бағыты	Тек үш фазалы сорғылар: Сыртқы ажыратқыш көмегімен желі қорегінің кернеуін ажырату және клеммалық қорапта екі фазаның орнын ауыстыру. Сонымен қатар <i>10.3 Айналым бағытын тексеру</i> тарауын қар.
	5. a), b), c), d) қар.	

Ластанған сорғылар

Назар аударыңыз

Егер сорғы улы немесе уланған сұйықтықтарды айдап қотару үшін қолданылған болса, онда осындай сорғы ластанған ретінде сыныптастырылады.

Сорғыны Grundfos Сервистік Орталығына диагностика немесе жөндеу үшін қайтатар алдында уәкілетті персонал Сорғының қауіпсіздігі туралы декларацияны толтыруы (3-қосымшаны қар.) және сорғының орауындағы көрінетін орнына бекіту керек.

Жөндеу жұмыстарын Grundfos компаниясына сорғыны қайтарар алдында сорғыны мұқиятты түрде жуу керек.

Егер сорғыны жууды орындау мүмкін болмаса, айдап қотару сұйықтығы туралы барлық ақпаратты Қауіпсіздік туралы декларацияға енгізу керек.

Егер жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаған болса, Grundfos Сервистік Орталығы сорғыны қабылдаудан бас тарта алады.

Сорғыны фирмаға қайтаруға байланысты мүмкін болатын шығындарды жөнелтуші көтереді.

17. Қалдықтарды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

- жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
- пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*
* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақташасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импортерушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.




Рис. 14 Кривая NPSH для CM 1





Рис. 15 Кривая NPSH для CM 3


TM04 0458 0309

TM04 0459 0309



TM04 0460 0309

Рис. 16 Кривая NPSH для CM 5



TM04 0461 0309

Рис. 17 Кривая NPSH для CM 10




Рис. 18 Кривая NPSH для CM 15




Рис. 19 Кривая NPSH для CM 25

TM04 0462 0309

TM04 0463 0309

Приложение 2.




Рис. 20 Давление пара

ТМ00 3037 0800

Приложение 3.

Декларация о безопасности насоса

Скопируйте, заполните и подпишите этот лист и прикрепите его к насосу при возврате насоса в ремонт

Типовое обозначение насоса (см. фирменную табличку) _____


Область применения насоса _____

Перекачиваемая жидкость _____

Описание неисправности

Пожалуйста, отметьте на схеме поврежденные части насоса.

В случае электрической или функциональной неисправности отметьте корпус.



TM04 0359 1008

Пожалуйста, кратко опишите ошибку / причину ошибки.

Настоящим мы заявляем, что насос был очищен и полностью свободен от химических, биологических и радиоактивных веществ.

Дата и подпись

Печать компании



RU

Насосы СМ, СМЕ сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:
№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01172 срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации».

Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

СМ, СМЕ сорғылары Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» Сертификаттау органымен берілді ЖШҚ «Иванов Сертификаттау қоры».

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98894897 0415
ECM: 1155943